# *Кеңес беру пунктің мақсаты:*

**Балалардың білуге  деген құмарлығын дамыту.**
**Балалардың өздігінен шығармашылық жұмыс тапсырмаларын шеше білу қабілетін дамыту.**
**Балалардың  интеллектуалдық және тұлғалық дамуына бағытталған шығармашылық қиялын дамыту.   Әр баланың дамуына жағдай жасап, денсаулығын сақтау.**

# Міндеті:

- Салауатты өмір сүру салтының құндылығына балаларды қатыстыру;
- Эмоцианалдық аман- саулығын қамтамасыз ету, әр түрлі көркемдік іс-әрекет түріне талабын, білуге құмарлығын, еркіндігін дамыту;
- Айналадағы әлем жайында білімін қалыптастыру;
- Психологиялық дамуына жағдай жасау (есте сақтау, ойлау, қабылдау);
- Мектепте оқуға дайындау ( мектеп, мектеп ережесі, қоңырау, үзіліс) ;



Мектепте оқуға психологиялық дайындығын қалыптастыру
Корекциялық дамыту жұмыстары
Балабақша мен мектептің өзара байланысы бойынша жұмысын ұйымдастыру
Дамуын қадағалау
Денсаулығын сақтау нығайту.

Ата – аналардың балаларды тәрбиелеу мен оқытуда педагогикалық және психологиялық сауаттылығын арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасалынады.



Отбасында баланың жан-жақты қалыптасуына Ата – аналармен жұмыс
адамгершілік
махаббат
қайырымдылық
сүйіспеншілік
әділдік
түсінушілік
мәдениеттік
ұйымшылдық

# Мектепке баратын балалардың ата – аналарымен ықпалдасу әдістемесі



**Бала тәрбиесінде отбасының жағымсыз әсер ету жақтарын сөз еткенде оны үш топқа бөліп қарастыруға болады:**

Ата-ана

**Бірінші топ**

Баланы қалай тәрбиелеу керек екендігін біледі және дәл солай тәрбиелейді. Олар көп емес, алайда, өздерінің саналы өмірімен және сапалы іс-әрекетімен тек өз балаларына ғана тәрбие беріп қоймай, мектептегі қоғамдық жұмыстарға қолғабыс етіп, басқа ата-аналарға үлгі көрсетеді.

**Екінші топ**

Өз балаларына өнегелі тәрбие бергісі келеді, бірақ, қалай тәрбиелеу керек екендігін білмейді. Мұндайлар ата-аналардың басым көпшілігі. Олар тәрбие мақсатын білмегендіктен олардың іс-әрекеті балаларына кері әсер етуі мүмкін.

**Үшінші топ**

Балаларды тәрбиелеудің жолдарын білмейді, білгісі де келмейді, яғни бұл педагогтарға қарсы тұратын төменгі әлеуметтік топ. Сондықтан да бұл топ “қиын” балаларды беретін отбасылар.